

**«ИШТАЕВ Е.А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Айгөлек+» жеке бөбекжайы «Қамқоршылық кеңесінің» отырысы
Хаттама №2**

Күні: 21.01.2026 жыл

Тақырыбы: «Бөбекжайдағы тамақтану туралы»

Қатысқандар: бөбекжай меңгерушісі, хатшы О.Атауова, Қамқоршылық кеңес мүшелері

Күн тәртібі:

1. Тамақтану сапасын ұйымдастыруды бақылау.

2. Бракераждық комиссиясымен бірлескен түрде бөбекжай асханасының тағамдарының сапасын тексеруге катысу.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі Н.Мамбетова тамақтану сапасы туралы айтып өтті. Тамақтану - баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісінің қалыпты, дұрыс өсуін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі. Тамақ сапасын төмендеуі бала ағзасының қорғау-бейімдеу механизм деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады және аллергиялық әрекеттің өсуіне мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ асқорыту ағзасының ауруына себепші болады. Сондықтанда біздің балабақшада тамақ сапасына ерекше көңіл бөлінеді. Біздің мекемеде тамақты ұйымдастырудың негізгі принциптері мыналар:

-Тамақ мөлшерін энергетикалық құндылықтары балалардың энергетикалық шығындарына сәйкес келеді.

-Тамақ мөлшеріндегі барлық ауыстырылатын және ауыстыруға болмайтын азық-түліктер теңдестірілген.

-Тамақ мөлшерінің теңдестірілуін қамтамасыз ететін азық-түліктер мен тамақтардың көптеген түрлері

-Азық-түліктердің технологиялық және аспаздық дұрыс өңделуі, олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сақтауға бағытталған, сондай-ақ тағам дәмінің жоғарғы сапасы

-Үйлесімді тамақтану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамақтану мәдениетін дағдыландыруға себепші болады

-Тамақтануға деген гигиеналық талаптарды сақтау (тамақтану қауіпсіздігі)

Сөйлеуші: сұрақ: Балалар күніне неше рет тамақтанады?

Жауап: Балалар уақытылы төрт рет тамақтанады.

2. Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде бөбекжай асханасының тағамдарын сапасын тексеруге катысу.

Тыңдалды:

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңестің төрайымы бөбекжай асханасының сапасын тексеруге катысу жөнінде айтып өтті.

Балабақша дұрыс тамақтану негізі- ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген нормалар.

Қазақстандағы балабақшаларға арналған жас ерекшеліктеріне байланысты мәзір құрылады. Тамақтану ережесі, тамақтану нормалары, меню тексеріледі. Бөбекжайда төрт мезгіл баланы тамақтандырады. Балаларға жас ерекшеліктеріне сай нормамен порциялар беріледі. Біздің балабақшада төрт рет тамақтанады. Таңғы ас- сүт ботқалары: сұлы, күріш, қарақұмық, бидай макарон өнімдерінен көже. Ботқалар жұмыртқа, ірімшік өнімдерімен ауыстырылып отырады. Сусын ретінде сүт қосылған кофе, какао, май мен сыр бутерброды. Екінші таңғы ас 10.00ден бастап 11.00-ге дейін балаға жеміс немесе жеміс шырыны беріледі. Түскі ас- өсімдік майы қосылған балғын көкөністерден түрлі салаттар (қияр, қызанақ, сәбіз) Бірінші ыстық тағам- щи, борщ, көкөніс көжесі, балық сорпасы, жарма немесе макарон өнімдері қосылған көжелер. Екінші тағам- гарнирмен ет, балық, тауық, бауыр. Үшінші тағам- балғын жемістерден, кепкен көкөністерден компот, табиғи жидектерден кисель. Бесін ас-сүт, ішетін иогурт, шырын, балшырын, лимон қосылған шәй, печенье, кондитерлік өнімдер, тоқаштар. Кешкі ас-жеңіл азық-түліктер (көкөністер, жемістер, сүт, ірімшік, балық тағамдары) Тамақты сақтау және дайындау үрдісіне және ас үйге деген санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң түрде сақтау балалардың тамақтарын дұрыс ұйымдастыру үшін

маңызды. Балабақшаға келіп түсетін барлық азық-түліктер санитарлық ережелерге сәйкес санитарлық-эпидемиологиялық қорытындылары бар.

Қабылданған қаулы:

1. Жоспарға сәйкес қамқоршылық кеңес отырысы жүйелі өткізілсін.
2. Бракераждық комиссиямен бірлескен түрде бөбекжай асханасының тағамдарын тексеру бойынша, жоспарға сәйкес жылына екі рет жүргізілген.

Төрайымы:

Н.Мамбетова

Хатшы:

О.Атауова